



Қайлахан Талас Сипатұлы

Шарбақты ауылының тумасы, Павлодар педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп, физика пәнінің мұғалімі болып, өз мектебіне оралды. 1969-1970 жылдары әскери қызметін атқарды.

1970 жылдан бастап Шарбақты орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болып істеді. 1978-1980 жылдары тәрбие жұмысының меңгерушісі болып істеді.

1993 жылы Лебяжі ауданының делегаты болып тұңғыш президенттікке кандидат Н.А.Назарбаевпен кездесті Комсомол және партия ұйымдарының хатшысы болды. ЦК ВЛКСМ-нің құрмет грамотасымен және «Алтын дән» медалімен марапатталды.

2006 жылы 4-6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 15 жыл толғанына байланысты Отан соғысының ардагерлерімен Астанаға саяхатқа делегат ретінде жіберілді. Еңбек ардагері.

Қызы да, Самал әкесінің жолын қуып, Павлодар қаласының Ы.Алтынсарин атындағы гимназияны кілең беске бітіріп, ПАУ-ді қызыл дипломға бітірді. 2008 жылы өмірден өтті.